

0518000 Есеп және аудит мамандығы бітіруші курс білім алушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша есебі.

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС 0518000 Есеп және аудит мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы 23 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттердің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқылатын пәндері, оқу кестесі, оқу тәжірибелік, педагогикалық, диплом алды оқу өндірістік іс – тәжірибе құжаттары колледж ережесіне сәйкес толтырылып, тексеріліп, пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

0518000 Есеп және аудит мамандығы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға төрағалық етуге 13-25 маусым аралығына шақырылып, барлық оқу құжаттары мен танысып шыққаннан кейін мемлекеттік стандартқа сәйкес 0518000 Есеп және аудит мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде Қаржылық есеп, Ұйым экономикасы, Экономикалық талдау және қаржы есебін талдау (кешендік) пәндерінен оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға күндізгі оқу нысаны бойынша бұйрықта көрсетілген 16 студенттен 16 студент қатысты.

Қаржылық есеп, ұйым экономикасы, экономикалық талдау және қаржы есебін талдау (кешендік) пәндері бойынша кешенді емтиханды 16 студент сәтті тапсырып, орташа 3,8 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 100% пайызды құрайды.

Сыртқы оқу нысаны бойынша жалпы 7 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттер бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде «Жеке пәндер әдістемелерінен кешенді емтихан», «Педагогика және психология пәндерінен кешенді емтихан» оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға жалпы бұйрықта көрсетілген 7 студенттен 6 студент қатысты. 1 студент белгісіз себептермен емтиханға келмеді.

Қаржылық есеп, ұйым экономикасы, экономикалық талдау және қаржы есебін талдау (кешендік) пәндері бойынша кешенді емтиханды 6 студент сәтті тапсырып, орташа 3,6 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 85,7% пайызды құрайды.

Қорыта айтқанда, «Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС жеке мекемесі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша бітіруші курс студенттерінің біліктілік беру мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандардың нәтижесі бойынша күндізгі оқу нысанында 16 студентке, сыртқы оқу нысанында 6 студентке 0518000 Есеп және аудит мамандығы 0518033 Экономист бухгалтер біліктілігі берілді.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі әкімшілігі тарапынан студенттерге болашақ мамандықтары бойынша сапалы да саналы білім беріліп, оларға болашаққа үлкен жол ашу мақсатында жоғары оқу орындарына түсуге, жеке кәсіпшілікпен де шұғылданса жеміс жейтін, кез келген оқу өндірістік мекемеде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білім ошағымен қамтамасыз етті.

Келешекте бұл студенттер биіктерден көрінеді деп ойлаймын.

Мемлекеттік емтихан төрағасы

Д.Г.Кенжебаев